


№ 2-2003

ISSN 0234-6610

АКШЕЙСКА

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ




Баланың әлемді тануы әліппеден басталады. Міне, сондай бір әліппеден қазақ бұлдыршіндері отыз жылға жуық сусынданап, көздерін ашты. 1993 жылға дейін мектеп табалдырығын аттағандар бұл есімді жақсы таниды: Мәдіхат Сейітқожаұлы Төрежанов. Оның жазған “Әліппе” окулығы кезінде бүкіл республиканы арапап кетті. Жасөспірімдердің жүзіне шуак үялатып, бірден баурай жөнелетін осы окулық әр мектепке таныс еді. Өйткені М. Төрежановтың “Әліппесі” балаларды білім әлемімен таныстырып, үлкен жолға бастайтын негізгі окулық болып келді. Енді осынау белгілі автордың өмір жолына үніліп көрейік. Қазіргі жастар да бұл есімнен хабардар боп жүрсін.

Төрежанов Мәдіхат Сейітқожаұлы – белгілі балалар жазушысы, ұлағат-



МОЛ МҰРА ҚАЛДЫРҒАН



ты үстаз, халық ағарту ісінін үздігі. Ол 1921 жылғы 30 сәуірде Ақмола облысының Алексеев ауданында, (ертеректе Бәймен ауылы аталған) Еңбек елді мекенінде дүниеге келген.

Әкесі діни білім мол, медресе, мешіт үстаган алғыр ойлы Сейітқожа хазіреттің екінші баласы – Мәдіхат еді.

Мектепті бітіргеннен кейін, 1939 жылы Петропавл педагогикалық техникауы жаңындағы жеті жылдық мектептер үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәннінің оқытушыларын даярлайтын курсты бітіріп, алғашқы еңбек жолын

Ресейдің Омбы облысының Шарбакқөл ауданындағы Бірінші Май орталau мектебінде бастайды. Кейін Ақмола облысының Корғалжын орта мектебінде оқу ісінің менгерушісі және қазақ тілі мен әдебиеті пәннінің оқытушысы, 1952 жылдан бастап Ақмола облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің менгерушісі мензметтерін атқарды.

1964 жылдан бастап 1993 жылға дейін М. Төрежанов жазған “Әліппе” окулығы республиканың барлық мектептерінде оқытылды.

Мәдіхат Төрежановтың творчестволық жолы 1938 ж. басталған. Балалар әдебиетіне арналған он алты кітaby жарық көрді. Ол “Күрмет белгісі” орденінің иегері, көптеген медаль, грамоталармен марапатталған.

Халқының алдында өлшеусіз еңбек еткен үлкен жүректі азamat, ұлағатты үстаз, белгілі балалар жазушысы Мәдіхат Сейітқожаұлы Төрежанов 1996 жылы өмірден озды. Көзі жоқ болғанымен, артына қалдырған мол мұрасы әлі де туған халқының итілігіне айналуда.

Ырысалды ӘМИРТАЕВА,
№4 қазақ мектеп-гимназиясының бастауыш сыныш мұғалімі.
Астана қаласы.